

Білім беру саласы: "Таным" .

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану

Тақырыбы: "Жәндіктер әлемі"

Мақсаты: Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктер түрлерімен және олардың ерекшеліктерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру, тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету, жәндіктерді қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Шаттық шеңбері, дидактикалық ойын, сергіту сәті, түсіндіру.

Қолданатын көрнекі: Суреттер . Үлестірмелі материалдар

Билингвалдық компонент: Көбелек-бабочка

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің басқару әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушылық - ізденушілік	<p>Балалар, мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын!</p> <p>Шаттық шеңбер:</p> <p>Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты, Қайырлы таң достарым. Қайырлы таң балалар.</p> <p>— Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? — Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?</p> <p>-Көктем мезгілінде неше ай бар?</p> <p>-Балалар көктем мезгілінде қандай тіршілік иелері жанданады? Солардың бірі ол – жәндіктер.</p> <p>-Мына жәндіктер қалай аталады? (Көбелек, ара, өрмекші, құмырсқа,)</p> <p>- Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? (Бал алады, зиянды құрттардан тазартады. Көбелек гүлдерді тозаңдандырады, талшығынан жібек мата алынады. Құмырсқа еңбекқор, илеуіне қонған құстардың үстіндегі бүргелерін тазартады. Ара гүлдердің шырынынан бал жинайды.</p> <p>Дидактикалық ойын</p>	<p>Шаттық шеңберде тұрып орындайды.</p>

«Көлеңкесін тап» ойыны.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар
Алдымнан жел еседі
Кіп кішкентай ағаштар
Биік болып өседі.

Дидактикалық ойын:

«Жәндіктердің бейнесін құрастыр» ойыны.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жәндіктердің атауын;

Игереді: жәндіктер туралы;

Меңгереді: жәндіктердің түрлерімен танысты.